№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

20.11.2023ж

# " Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол апаттарының алдын алу туралы"

2023 - 2024 оқу жылы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **№188** **ПРИКАЗ**

**Қаратал ауылы** **«01» «09» 2023 жыл**

**Жолда жүру ережелері туралы**

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың көшеде, жолда жүрудің негізгі ережелерін, жол қауіпсіздігінің ережелерін қатаң сақтау мақсатында**
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. **2023-2024 оқу жылына арналған жолда жүру ережесінің тақырып жоспарын 1-8 сыныптарда бекітіп, жұмыс жүргізілсін.**

2. **Сынып жетекшілеріне оқушылардың жолда жүру ережесі, жол қауіпсіздігі шараларымен таныстыру міндеттелсін.**

3. **Жол қауіпсіздігінің инспекторымен бірлескен жол қозғалысы ережесі басшылыққа алынып отырылсын.**

4. **Оқушыларға жол қауіпсіздігі туралы ашық тәрбие сағаттар, танымдық сабақтар, түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.**

5. **Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кузенбаеваға жүктелсін.**

**Мектеп директоры: Г. Бекжанова**

"[illegible]"

Мектеп директоры:

Г. Бекжанова

# №52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жол апаттарының алдын алу" бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспары

**2023-2024 оқу жылы**

| № | Іс-шаралар мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | "Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жол апаттарының алдын алу" бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарын жасап, бекіту. | Қыркүйек | ДТЖО Кузенбаева М |
| 2 | Мектепте техника, жол өмір қауіпсіздігі ережелері бойынша ата -аналар, оқушылар арасында кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізу. (жадынамаға қол қойдыру) | Қыркүйек | ДТЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер |
| 3 | " Абайлаңыз, балалар!" атты онкүндік іс-шара. Мектеп инспекторы 1-4 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастыру. | Қыркүйек | ДТЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев |
| 4 | Оқушыларға жол қауіпсіздігін үйрету мақсатында" Жол жүру ережесі"3-4 сыныптар арасында сайыс өткізу. | Қараша | Тәлімгер Анаркүл Ш |
| 5 | Оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды кинофильмдер, бейнефильмдер көрсету. | Әр тоқсанда | Сынып жетекшілер |
| 6 | "Транспорт және велосипед жүргізушілерінің жалпы ережесі" атты сайыстар ұйымдастыру | Қаңтар | ДТІЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер |
| | " Жол тәртібін жадыңда сақта! ", "Жолда жүру ережелерімен танысайық!", "Бағдаршам және оның маңызы", " Жол ережесін бұзба!", "Жол белгілері және жол үстіндегі белгілер", "Транспорт және велосипед жүргізушілері"тақырыптарында ашық тәрбие | Әр тоқсанда | Сынып жетекшілер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сағаттар өткізу. | | |
| 7 | "Өмір сүру үшін ЖЖЕ оқып-үйренеміз" тақырыбымен дөңгелек үстел | Ақпан | Тәлімгер Анарқұл Ш |
| 8 | Жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастыру. | Сәуір | ДТЖО Кузенбаева М |

ДТІЖО: Кузенбаева М.

**№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 1-4 сынып оқушыларымен мектеп инспекторының өткізген жиналыс**

**Хаттамасы**

05.09.2023ж

Қатысқандар

1. АПБ ЖПҚ ЮПТ полиция капитанары Д.Тоғызбаев, .А.Интикбай, А.Бөбекжай
2. 1-4 сынып оқушылары
3 .Сынып жетекшілер

**Тыңдалды**

"Жолда жүрудің қауіпсіздік ережелері" туралы

- АПБ ЖПҚ ЮПТ полиция капитаны Д.Тоғызбаев
Жолда жүру ережесі, жол қауіпсіздігінің алдын алу бойынша ақыл кеңес, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жол қауіпсіздік ережелерін бәріміз де сақтауымыз керек, ол ең алдымен өзіміздің қауіпсіздігіміз үшін. Жаяу жүргінші де, көліктегі жүргізуші де ережеге сай жүруі шарт.
Балалар кішкентай күнінен бастап, жол қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз керек. Жолдан бағдаршамның тек жасыл шамы жанғанда ғана өтуге болады. Бағдаршам жоқ болған жағдайда, жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өту керек. Бірақ соның өзінде абай болып, ең алдымен жолға шықпас бұрын сол жағымызға қарап, машинаның жоқ екеніне немесе тоқтағанына көз жеткізіп қана өтуге болады.
Ал көліктегі жүргізуші болса, жол белгілеріне сай жүріп, оларды бұзбау керек. Жаяу жүргіншілерге арналған жолға жақындаған кезде көліктің жылдамдығын азайтып, жүргіншілер болса, соларды өткізіп, сосын жүруіне болады.
Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады.
Біздің ауылымызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.
Балалар, қорыта келе жол ережесін үнемі сақтап, деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман - есен жүрелік.

Поиция капитаны А.Интикбай - жолда жүру ережесімен балалар мектепке алғаш келген сәтінен таныстырылады. Себебі жолда жүру ережесін сақтау өте маңызды. Балалар жолдан өткенде әсіресе абай болуы қажет. Бағдаршам тілін жатқа біліуіміз қажет. Ал жол бойындағы тақтайшалардағы түрлі белгілер ол жаяу жүргіншілерге арналмаған, олар көлік жүргізушісіне арналған тақтайшалар. Тыйым салу белгілері жолдағы көлік қозғалысына белгілі бір шектеулер енгізеді немесе бұрын қойылған шектеулердің күшін жояды. Олардың пішіні дөңгелек болады, шеті қызыл жолақпен көмкеріліп, ақ түсті ортасында тыйым салатын шартты белгілер көрсетіледі.

Шешім етілді

1. Жол қозғалысы , қауіпсіздігі туралы ережесі үнемі жүргізіліп отырылсын.

Мектеп директоры Г.Бекжанова

***№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің қыркүйек айында 5-11 сынып оқушыларымен өткізілген жиналысының***

***Хаттамасы №2***

***Қаратал ауылы*** ***20.11.2023ж***

Қатысқандар: 92 оқушы

1. Мектеп инспекторы полиция капитаны Д. Тоғызбаев
   полиция капитандары А. Интикбаева, А. Бөбекбай
2. ДТІЖО М. Кузенбаева
3. Тәлімгер Анарқұл Ш
4. Педагог-пизолог Б. Кенжебаева

***Күн тәртібінде:***

1. **Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқықбұзушылық, әлімжеттілік, бопсалау. ДТІЖО Кузенбаева М**
2. **Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу мақсатында АІБ ЖПҚ ЮПТ полиция капитаны Д. Тоғызбаев**
3. **" Жастарды қылмысқа итермелейтін не ?" Баяндама . Тәлімгер Анарқұл Ш**
4. **Әр түрлі мәселелер.**

***Тыңдалды:***

Мектебіміздің 5-11сынып оқушыларымен АІБ-ң қызметкері полиция капитаны Д. Тоғызбаевпен кездесу өтті.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева Жасөспірімдердің арасындағы өткен қылмыстарға шолу жасады. Әрбір кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдерінің ҚР заңының алдында жасаған қылмысқа жауап беретіндігін түсіндіре өтті. Қалада мектептерден құпия түрде жүргізілген сауалнамаларды өткізу себеп – салдарын және де қиын немесе қиынға бейім оқушыларды анықтау және фактілерге сүйене отырып көмекке мұқтаж жасөспірімдерді анықтау мақсатында көптеген профилактикалық іс – шаралар ұйымдастырылатынын айтап өтті. Және сондай-ақ аудандық ішкі істер бөлімдерімен, қала әкімшілігімен аудандық прокоратура өкідерімен біргелікте арнайы мобильдік топ құрылғаны туралы айтып , онда кәмелет жасына толмағандар арасындағы қылмыспен құқық бұзушылықтың өршіп тұрғаны бір –біріне әлімжеттілік көрсетіп әліжеткені әлсіздерден попсалап ақша сұрау фактілеінің көбейіп бірін-бірінің киімдерін соткаларын тартып алатын айғақтардың көбею салдарынан қалада жастар арасында кешкі мезгілде яғни айтқанда түнгі бейберекет жүрістердің салдарынан кәмелеттік жасқа

толмағандар арасында түрлі келеңсіз жағдайлар болып жатқандығы туралы айтып түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев сөз сөйледі. Оқушыларды тәртіпке шақырып сабақ уақытында мектеп ауласынан тыс жерде жүрген оқушылар қолға түсіп ұсталса ата-анасын 5800 теңге айыппұл төленетінін айтты. Екінші рет ұсталған жағдайда екі есе төленетінін айтты. Осындай қатаң тәртіпті оқушылар мектептен тыс уақытта да сақтауын талап ететін айтылды. АІБ-ң қызметкері АД. Тоғызбаев оқушылырға кешкі сағат $23^{00}$-ден кейін көшеге шығуға болмайтынын ескертіп айтты. Компьютер ойындарын ойнауға тыйым салынатынын айтты. 21 жасқа дейінгі жасөспірімдерге тыйым салынатынын айтып өтті. Жарыс сөзге шыққан оқушылар болды. 9 сынып оқушысы Сман Самат. Мейрам күндері паркке шығуға болама деді? Тек қана күндіз шығуға болады. Түнде шығуға рұхсат жоқ. 10 сынып оқушысы Бағдаулет егерде үйдегілер кешке дүкенге бір затқа жіберсе не істейміз деп сұрады? - Ондай кезде қасыңа әпкеңді ме, ағаңды ма біреуді ертіп шығу керек деді. Толық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мектеп тәлімгері Анарқұл Ш " Жастарды қылмысқа итермелейтін не ?" тақырыбында баяндама оқыды. Оқушылрға - Бала не үшін және қандай жағдайда қылмысқа барады? деген сұрақтарға қойды. 11 сынып оқушысы Шубай Р өз ойын ортаға тастады. Бала әртүрлі жағдайда қылмысқа баруы мүмкін, тұрмыс жағдайы төмен болса ұрлыққа барады. Біраз оқушылар нақты жауаптар айтып, өз ойларын айтты.

**ШЕШІМ:**

1. АІБ-ң қызметкерлерімен жиі-жиі кездесулер өткізілсін.
2. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, әлімжеттілік, бопсалаудың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп отырсын.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М. Кузенбаева

Хатшы: Ш. Анарқұл

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің**
«Бала тәрбиесіндегі біздің қателіктеріміз тақырыбында »
**1-10 сынып ата-аналарымен өткізілген жиналыс**
Хаттама№ 3

Күні: 21.02.2024 Қаратал ауылы
Қатысқаны – 58

: **Күн тәртібіндегі мәселе:**
1. Оқушылардың жол ережелері мен адам өмірінің қауіпсіздігі туралы
2. Оқушылардың сабақтан кешігуі мен сабақтан себепсіз қалуы.
3. 3 тоқсан қорытындысы
4. Әр түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың ТЖО М. Кузенбаева адам өмірінің қауіпсіздігі туралы ескерілетіндігін айтып түсіндірді. Мектеп оқушыларының кешкі сағат 19.00 –ден кейін көшеге шықпауға, ойнамауға, мал бағуға, тойларға, дүкендерге жалғыз бармау туралы ескерту жасап, оқушы мен ата-аналары қол қойды.

-Біздің елімізде әртүрлі көліктер жылдан жылға көбейіп келеді.Жаяу адамдар мен жолаушы адамдардың саны да көбейіп келеді.Жол көлік оқиғаларының қауіпі арта түсуде.Сондықтан да жүргізуші мен жаяу адамдар көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпке және мұқият болуы кажет.Жол көлік оқиғаларының зардабын балалар тартады.Оның себебі көптеген мектеп оқушылары жолда жүру ережелерін нашар біледі.Міне осы мақсатта балаларға **Жолда жүру ережесі туралы түсіндіріп отыру қажет.**

1. Машина жүретін жолда ойнауға болмайды.
2. Көлік жүретін жолмен жүруге болмайды.
3. Көшенің қиылысындағы бағдаршамның қызылы жанғанда жолдан өтуге болмайды.
4. Көшенің кез келген жерінене өтуге болмайды.
5. Көлік жүретін көшені бойлап жүруге болмайды.
6. Егер жолдан өтуге үлгермесең, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдамасында» тоқта да бағдаршамның жасылының жануын күт.
7. Жолдан бағдаршамның тек жасыл жанғанда ғана өт.
8. Егер жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жүруге тиісті.

Жаяу адамдардың міндеттері:

1. Жаяу жүргіншілерге арналған жол немесе жаяу жолдың оң жағымен, ал олар болмаса, жол жиегімен немесе велосипед жолымен жүруі тиіс.
2. Жолдан бара жатқанда жаяулап себепсіз кедергі немесе тоқтап қалмауы тиіс. Көшеден өтпес бұрын алдымен сол жаққа, ал көшенің ортасына жеткенде оң жаққа қарау керек.

**Көшеде тағы қандай ережелерді білеміз?**

1. бейтаныс адамның көлігіне отырма; егер, көшеде немесе есік алдында бейтаныс адам сені алып кетпекші болса, «Мен сені танымаймын» деп дауыстап, қашып шығудың амалын жаса. Егерде сені біреу күштеп автокөлігіне отырғызы келсе немесе өзімен бірге алып кеткісі келсе, айналадағы адамдардың назарын аударт уға тырыс.

2.Ауладағы қауіпті жерлер: өсіп кеткен бұталар, қурап кеткен ағаштар, көлік жүретін жолдар, қоқыс тастайтын жерлер. Ұқыпты және абай болу керек. Аулада өзін-өзі ұстау ережесі: ластамау, шуламау, терезеге ойнамау, шыны сындырмау.
3.Жақын жердегі айналаны, мектеп орналасқан шағын ауданды, өзі тұратын үйді бағдарлай білу. Ненің қай жерде орналасқанын білу. Үйге және мектепке баратын мейлінше қауіпсіз жолды білу. Нақты жол бағытын білу.
4.Жол белгілерімен таныстыру: «Балалар», «Жаяу кісі өтетін өткел». Жаяу кісілер тек белгі қойылған жерден ғана өтеді. Екі жақты қозғалыста алдымен сол жаққа, жолдың ортасына жеткенде - оң жаққа қарау. Көше және жол белгілері.
5.Қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстай білу және қауіпсіздік ережелерін сақтау.
7.Бейтаныс адаммен сөйлеспе, адамдар жүретін жерге кетіп қал.Танымайтын және аз танитын адамдардан кәмпит немесе басқа да сыйлықтарды алма. Артыңнан еріп келе жатқан автокөліктен әрі жүр, қарама қарсы жаққа бұрылып кетуге тырыс.
8.Егер үйде үлкендер болмаса бейтаныс немесе аз танитын адамдарды, сол сияқты балаларды үйге шақыруға болмайды.Егерде біреу есікті күшпен ашып кірмек болса, дереу 102 телефоны бойынша полицияға қоңырау шал.Танымайтын адаммен сөйлесудің, оның телефон арқылы: «Үйде кім бар?», «Ата-аналарың қашан келеді?» деген сұрақтарына жауап берудің қажеті жоқ. Тез арада байланысты доғару керек.
9.Ата-аналарыңды ескертпей, үйіңнен кетпе.
10.Егерде саған біреулер әдеттен тыс (түсініксіз), үйреншікті емес болып көрінсе, ол адамдар туралы ата-аналарыңа, мектептегі мұғаліміңе, полиция қызметкеріне міндетті түрде айт.
11.Дәрігердің немесе ата-ананың рұқсатысыз дәрі-дәрмектерді ішпеңіз.
12.Қоғамдық жерлерде, мектепте, транспортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтаңыздар.
13.Өміріңе және денсаулығыңа қауіпті жерлерде, атап айтқанда: құрылыс жүріп жатқан жерлерде, ескі үйлердің қираған орындарында және т.б. ешқашан ойнама.Қауіпті жерлерден аулақ жүру керек: төлелер, гараждар, ашық жатқан люктер, бос қалған жерлер, аулардағы машиналардан.
14.Қосылулы тұрған электр құралына тиіспеңіз және электр вилкасын су қолыңызбен ұстамаңыз. Даладағы трансформаторлық үйшіктерге жақындамаңыз.
15.Көшеде түнгі сағат 21.00 ересек адамдарсыз жүрме.

# Жолда жүру ережесі"

2023 жылдың 09 қараша - 09 желтоқсан аралығындағы мектеп оқушылары арасында "Жол ережесінің қауіпсіздігі" атты 4 сынып жетекшісі К. Ирисбекованың ұйымдастырумен,
сынып арасында "Жолда жүру ережесі" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.Тәрбие сағатының мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру,еске сақтауға үйрету,жол қауіпсіздігін,өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу.Жол белгілерін айыра білу, дағдыларын қалыптастыру,жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.Жол келік оқиғаларына байланысты түрлі жазатайым жағдайлардың орын алуына тек көлік жүргізушілер ғана емес, жаяу жүргіншілер де себепші болып жатады.
Белгіленген ережені сақтамау, әсересе мектеп жасындағы балаларға қауіпті екенін оқушыларға айтып,түсіндірілді.
Ең бастысы әрбір оқушы өз өмірі қауіпсіздігіне өзі жауапты екендігін ұмытпау керектігін сезінді. Қай жерде жүрсе де жолда жүру ережесін

сақтап,басқаларды да соған шақыру керектігін білді.



## "Жолда жүру ережесі" тақырыбында сынып сағаттары өтті.

17.04.2024 жылы №52 С. Бегалин жалпы білім беретін мектептің 1,2,4,6 сыныптары арасында «Жолда жүру ережесі» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтау, жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету және оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу мақсатында өткен сынып сағатында оқушыларды көшеден өткенде арнаулы жерден, жасыл жарығында ғана немесе реттеушінің белгісін күтіп,жол қиылысында аса абай болып,көшеден тек жаяу адамдар өтпелері бойынша жүру туралы түсініктер берілді. Көшелер мен жолдарда шанамен сырғанап ойнамау, бағдаршамға карауды ұмытпау және жолдан өтер кезде алдымен сол жағына содан соң оң жағына карап, арнайы жаяу жүру жолымен өтуге,
көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу және ілісіп кетпеу сиякты кеңестер берген сынып жетекшілер оқушылардың жолда жүру ережелерін дұрыс білуге , әркашан жолда жүргенде сақ болуды үйретті.

**Ұйымдастырушылар:**

Тәлімгер Ш. Анаркұл

Ирисбекова К

Серкулова Г

Елеуова А



*№52 С Бегалин жалпы орта мектебі.*

# *Тәрбие сағат 1-сынып.*

**Тақырыбы:**



"Абайландар балалар!"

**Өткізген: Бишова Б.**

**2022-2023 оқу жылы**





Абайлаңыз балақай !





№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# ТӘРБИЕ САҒАТЫ

# «Абайлаңыз балақай!»

6 сынып жетекшісі: Аманкелді Б

2022-2023 оқу жылы



Абайлаңыз балақай !

